



ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫНДАҒЫ РЕЗИЛЕНТТІЛІКТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ф.О. Пернебекова¹, Н.А. Кудушева^{*2}, Г.Б. Ниембаева³

^{1,2,3}Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті

E-mail: ¹pernebekova.fatima@mail.ru, ^{*2}nurgaisha72@mail.ru, ³mika-argin76@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарындағы резиленттіліктің психологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі осы санаттағы отбасыларда ата-аналық стресс деңгейінің жоғары болуы және психоэмоциялық жүктеменің басым болуымен анықталады, бұл бейімделудің психологиялық ресурстарын анықтауды талап етеді.

Зерттеу барысында қазіргі заманғы ғылыми әдебиеттер талданып, резиленттілік ұғымының мәні, оның құрылымдық компоненттері және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарында қалыптасуына әсер ететін факторлар ашып көрсетілді. Басты назар эмоционалдық, когнитивтік, әлеуметтік және мәндік аспектілерге аударылды.

Эмпирикалық зерттеу көлденең дизайнды жүргізіліп, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналары қатысушылар ретінде іріктелді (N = 40). Ата-аналардың резиленттілік деңгейі Connor–Davidson Resilience Scale (CD-RISC) арқылы, ата-аналық стресс (PSI-SF) әдістемесімен, өзіндік тиімділік General Self-Efficacy Scale (GSES) және әлеуметтік қолдау Multidimensional Scale of Perceived Social Support (MSPSS) арқылы бағаланды.

Нәтижелер көрсеткендей, ата-аналардың резиленттілігі мен ата-аналық стресс арасында кері байланыс байқалды ($r = -0,56$), ал өзіндік тиімділік ($r = 0,62$) және әлеуметтік қолдау ($r = 0,48$) оң корреляция көрсетті. Бұл ата-аналардың психологиялық тұрақтылығы жеке тұлғалық және әлеуметтік ресурстардың өзара әрекеттесуіне тәуелді екенін дәлелдейді.

Зерттеу қорытындысы бойынша, резиленттілікті дамыту ата-аналардың стресс жағдайына бейімделу қабілетін арттырудың, психологиялық әл-ауқатын жақсартудың және отбасылық қызметтің тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады. Алынған мәліметтер ата-аналарды психологиялық қолдау бағдарламаларын әзірлеуде және инклюзивті білім беру процесінде практикалық қолдануға бағытталған.

Түсті: 16.02.2026; Жөнделді: 24.04.2026; Мақұлданды: 05.05.2026; Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

*Хат-хабар авторы

Түйін сөздер: резиленттілік; ата-аналар; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар; ата-аналық стресс; психологиялық ресурстар; өзіндік тиімділік; бейімделу.

Кіріспе

Білім беру жүйесіне инклюзивті білім беруді белсенді енгізу жағдайында, арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп жатқан отбасылардың психологиялық әл-ауқаты мәселесі ерекше маңызға ие болады. Инклюзивті тәсілді жүзеге асыру тек қолжетімді білім беру ортасын құруды және оқытудың арнайы бағдарламаларын әзірлеуді ғана емес, сонымен қатар педагогтарды, психологтарды даярлауды, сондай-ақ ата-аналарды білім беру үдерісіне белсенді тартуды талап етеді. Алайда, арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға және қолдауға ата-аналардың қатысуы жиі күшейтілген психоэмоционалдық жүктеме мен стресспен байланысты болады.

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалар физикалық, когнитивті, эмоционалдық және мінез-құлықтық қиындықтарына байланысты қосымша қолдауды қажет етеді, бұл ата-аналардың функцияларын айтарлықтай қиындатып, олардан бейімделу ресурстарының жоғары деңгейін талап етеді. Әлеуметтік, институционалдық және ақпараттық ресурстардың шектеулілігі жағдайында ата-аналар жиі білім беру ұйымдарымен өзара әрекеттесудегі қиындықтар, ақпараттандырудың жеткіліксіздігі және психологиялық көмектің тапшылығымен бетпе-бет келеді. Мұның барлығы ата-аналар стрессінің деңгейін күшейтіп, отбасы ішіндегі қарым-қатынастарға да, баланы білім берумен қамтудың тиімділігіне де теріс әсер етуі мүмкін.

Бұл жағдайда, ата-аналардың ұзаққа созылатын стресстік әсерлерге шыдауға, өзгеріп отыратын жағдайларға бейімделуге және отбасының жұмыс істеу қабілетін сақтауға мүмкіндік беретін психологиялық ресурс ретінде резиленттілік (беріктілік) құбылысы ерекше маңызға ие болады. Ата-аналардың резиленттілігі тұрақты тұлғалық қасиет емес, жеке, отбасылық және әлеуметтік факторлардың өзара әрекеттесуі арқылы қалыптасатын динамикалық процесс ретінде қарастырылады. Резиленттілік деңгейі ата-аналардың баланың ерекшеліктерін қабылдауға, білім беру ортасымен конструктивті өзара әрекет стратегияларын құруға және оның дамуы мен әлеуметтенуі үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге деген қабілетін анықтайды.

Қазіргі психологияда резиленттілік мәселесіне қызығушылық артып келе жатса да, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарындағы резиленттіліктің ерекшеліктері әлі толық зерттелмеген, әсіресе инклюзивті білім беру контекстінде. Жүйеленген деректердің жеткіліксіздігі ата-аналарды психологиялық сүйемелдеудің тиімді бағдарламаларын әзірлеуді қиындатып, білім беру және әлеуметтік саясат саласындағы басқарушылық шешімдердің негізділігін төмендетеді. Осыған байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарындағы резиленттіліктің құрылымдық компоненттері мен қалыптасу факторларын зерттеу қажеттілігі аса өзекті болып отыр, бұл біздің мақаламыздың зерттеу мақсатын айқындайды.

Теориялық шолу

Қазіргі психологияда резиленттілік ұғымы тұлғаның елеулі қиындықтар мен стресс жағдайларын да табысты бейімделуінің динамикалық процесі ретінде қарастырылады. Осы ретте Ann Masten (2001) концепциясына сәйкес, резиленттілік – бұл «қалыпты керемет», яғни тұлғаның нормативтік бейімделу жүйелеріне негізделген феномен. Автор резиленттілікті ерекше немесе сирек қасиет ретінде емес, адамның қалыпты даму механизмдерінің тиімді жұмыс істеуінің нәтижесі ретінде сипаттайды. Бұл көзқарас резиленттілікті патологияға қарсы тұратын ерекше қабілет емес, бейімделудің табиғи ресурсы ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Richard Lazarus пен Susan Folkman (1984) ұсынған транзакциялық стресс моделінде резиленттілік копинг-стратегияларымен және стресс жағдайын когнитивтік бағалаумен тығыз байланыста қарастырылады. Аталған модель бойынша стресс оқиғаның өзінен емес, тұлғаның оны субъективті бағалауынан

туындайды. Біріншілік бағалау (қауіп, зиян немесе сын-қатер ретінде қабылдау) және екіншілік бағалау (ресурстардың жеткіліктілігін анықтау) бейімделу нәтижесіне тікелей ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, резиленттілік тиімді когнитивтік қайта бағалау мен икемді копинг стратегияларын қолдану арқылы көрінеді (Lazarus & Folkman, 1984).

О. А. Селиванова, Н. В. Быстрова, И. И. Дереч, Т. С. Мамонтова және О. В. Панфилова (2020) еңбектерінде резиленттілік бір мезгілде өмірге бейімделу қабілеті және өмірге төзімділік ретінде қарастырылады. Ал А. В. Махнач (2013) пікірінше, ағылшын тіліндегі resilience терминін орыс тілінде «жизнеспособность» ұғымының синонимі ретінде қолдану орынды. Бұл тұрғыда жеке тұлғаның резиленттілігі өмір сүруге, өз өмірін сақтауға, дамуға және өзгермелі өмір жағдайларына бейімделуге қабілеттілігін білдіреді деп Е. В. Забелина мен Д. К. Кузнецова (2015) тұжырымдаған. Мұндай түсіндіру резиленттіліктің тек стресс жағдайындағы мінез-құлықпен шектелмейтінін, оның тұлғаның жалпы өмірлік белсенділігімен байланысты екенін көрсетеді.

Ф. И. Валиева (2014) резиленттілікті болжанбаған және қиын өмірлік жағдайларда тез бейімделу қабілеті ретінде сипаттайды. Salvatore Maddi (2005) бойынша өмірге төзімділік – бұл қиын жағдайларда өмірге бейімделу потенциалын арттыратын қасиет. Маддидің hardiness тұжырымдамасында үш негізгі компонент айқындалады: бақылау сезімі, міндеттемелік (қатыстылық) және сын-қатерді даму мүмкіндігі ретінде қабылдау. Бұл компоненттер стресс жағдайында дезадаптацияның алдын алатын психологиялық ресурс ретінде қарастырылады (Maddi, 2005).

Ғылыми ізденістерді жалғастыра отырып, К. А. Иванова мен Ф. И. Валиева (2016) психологиялық резиленттілікті «теріс факторлардың қысымына табысты төтеп беруге және стресс жағдайында икемділік көрсетуге қабілет» деп түсінеді. Бұл процесс олардың қиындықтарға төтеп беріп, бейімделуіне және нәтижесінде резилентті отбасы ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді. Отбасылық деңгейде резиленттілік жүйелік сипатқа ие болып, отбасы мүшелерінің өзара қолдауы, рөлдік икемділігі және ортақ құндылықтары арқылы нығаяды.

Rajan, A., Srikrishna, G., және Romate, J. M. (2016) ерекше қажеттіліктері бар баланы тәрбиелеу кезінде ата-аналарда баланың болашағына қатысты алаңдаушылық, әлеуметтік стигмаға ұшырау тәжірибесі, әлеуметтік және кәсіби мүмкіндіктердің шектелуі, қаржылық қиындықтар мен эмоционалдық жағдайдың төмендеуі сияқты мәселелер туындайтынын көрсетеді. Мұндай факторлар созылмалы стрессорлар ретінде әрекет етіп, ата-аналардың психологиялық ресурстарын әлсіретуі мүмкін.

Froma Walsh (2016) ұдайы кездесетін қиындықтар отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынастарға әсер етіп, отбасы ішіндегі дисфункцияға алып келуі мүмкін екенін көрсетті. Бұл жағдайларда эмоционалдық алыстау, өзара кінә тағу немесе шамадан тыс қамқорлық сияқты деструктивті модельдер қалыптасуы ықтимал. Осы ретте Richard Tedeschi мен Lawrence Calhoun (2004) резиленттілікті өмірдегі өзгерістерге қарсы тұрып, стресстік тәжірибелерге бейімделе алу қабілеті ретінде түсіндіреді.

Ата-аналық стресс – бұл ата-ана функцияларын орындаушы үшін пайда болатын негативті реакция (Abidin et al., 2022), ол көңіл-күйдің төмендеуі, ұйқының бұзылуы, ашуланшақтық, тітіркенгіштік және алаңдаушылық сияқты көріністерде байқалуы мүмкін.

Қазіргі зерттеулер интенсивті ата-аналық стрестің кең спектрлі негативті салдарын дәлелдейді (Vasilenko et al., 2021). Ол ата-аналардың жеке әл-ауқатына ғана емес, отбасылық қатынас пен баланың дамуына да тікелей әсер етеді. Сонымен қатар ата-аналық стресс ананың дисфункционалды ата-аналық стилі мен депрессиясы арасындағы байланысты түсіндіретін медиаторлық рөл атқарады (Senn et al., 2023).

Резиленттілікті жүйелік тұрғыдан қарастыруда Walsh (2003) ата-аналардың психологиялық тұрақтылығы жеке қасиет емес, көпдеңгейлі және динамикалық процесс екенін көрсетеді. Бұл процесс эмоциялық реттеу, когнитивтік қайта бағалау, әлеуметтік қолдау ресурстары және өмірлік мәндер жүйесінің өзара әрекеттестігі арқылы жүзеге асады.

Осы тұрғыдан алғанда, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарының резиленттілігі ішкі (жеке тұлғалық) және сыртқы (әлеуметтік-экологиялық) факторлардың кешенді ықпалымен қалыптасатын құрылымдық феномен ретінде қарастырылады. Бұл феномен тұлғаның когнитивтік, эмоциялық және мінез-құлықтық компоненттерінің өзара байланысы арқылы көрініс табады.

Осы зерттеуде ата-аналардың резиленттілігінің негізгі құрылымдық компоненттері мен оларды сипаттайтын психологиялық көрсеткіштер жүйеленіп, 1-кестеде ұсынылды.

Кесте 1

Резиленттіліктің компоненттері және олардың психологиялық сипаттамалары

Резиленттілік компоненті	Негізгі сипаттамалары	Психологиялық көріністері
Эмоционалдық компонент	Эмоцияларды реттеу, күйзелістен кейін қалпына келу	Мазасыздықты бақылау, эмоционалдық тепе-теңдік, амбивалентті эмоцияларды қабылдау
Когнитивтік компонент	Когнитивтік қайта бағалау, икемді ойлау	Жағдайды реалистік қабылдау, баланың мүмкіндіктерін түсіну, стресс деңгейінің төмендеуі
Әлеуметтік ресурстар	Әлеуметтік және кәсіби қолдау	Психологтармен, педагогтармен тиімді өзара әрекет, ата-аналар қауымдастығына қатысу
Мағыналық-құндылықтық компонент	Өмірлік мәндер мен мақсаттарды қайта қарастыру	Ата-ана рөлін қабылдау, ішкі тұрақтылық, психологиялық әл-ауқат
Ішкі факторлар	Жеке тұлғалық ресурстар	Өзіндік тиімділік, копинг-стратегиялар, эмоциялық реттеушілік
Сыртқы факторлар	Қоршаған орта жағдайлары	Инклюзивті саясат, қызметтердің қолжетімділігі, мамандармен өзара әрекет

1-кестеде көрсетілгендей, эмоционалдық компонент ата-аналардың эмоцияларды саналы түрде реттеу қабілетімен, стресстік жағдайлардан кейін қалпына келу жылдамдығымен және ішкі тепе-теңдікті сақтай алуымен сипатталады. Бұл компоненттің психологиялық көріністеріне мазасыздық деңгейін бақылау, жағымсыз эмоцияларды конструктивті арнаға бағыттау, амбивалентті сезімдерді қабылдау және эмоционалдық тұрақтылықты сақтау жатады. Эмоциялық реттеушілік ата-аналардың баланың даму ерекшеліктеріне байланысты туындайтын созылмалы стресс жағдайларында дезадаптацияға ұшырамауына ықпал етеді.

Когнитивтік компонент жағдайды шынайы түрде қабылдау, когнитивтік қайта бағалау және икемді ойлау қабілеттерімен байланысты. Ата-аналардың баланың мүмкіндіктерін объективті түсінуі, болашаққа қатысты үміт пен шынайы күтулердің теңгерімді қалыптасуы олардың психологиялық бейімделу деңгейін арттырады. Когнитивтік қайта бағалау тетігі арқылы ата-аналар жағымсыз оқиғаларды жаңа мағынада түсіндіріп, оларды тұлғалық өсу мүмкіндігі ретінде қабылдай алады. Нәтижесінде субъективті стресс деңгейі төмендеп, бақылау сезімі күшейеді.

Әлеуметтік ресурстар компоненті ата-аналардың әлеуметтік және кәсіби қолдау жүйесіне қолжетімділігімен анықталады. Психологтармен, педагогтармен және басқа да мамандармен тиімді өзара әрекеттесу, ата-аналар қауымдастықтарына қатысу, тәжірибе алмасу – резиленттілікті нығайтатын маңызды факторлар болып табылады. Әлеуметтік қолдау эмоционалдық жүктемені азайтып қана қоймай, ақпараттық және инструменталдық көмек көрсету арқылы бейімделу үдерісін жеңілдетеді.

Келесі қарастырылған мағыналық-құндылықтық компонент ата-аналардың өмірлік мәндер жүйесін қайта қарастыруымен және ата-ана рөлін саналы түрде қабылдауымен сипатталады. Баланың ерекшеліктерін қабылдау, өмірлік мақсаттарды қайта құрылымдау және ішкі мағыналық тұтастықты қалыптастыру ұзақ мерзімді психологиялық тұрақтылықтың негізін қалайды. Бұл компонент психологиялық әл-ауқаттың сақталуына, үміттің және өмірге қанағаттанудың артуына ықпал етеді.

Ішкі факторларда жеке тұлғалық ресурстар қамтылады, оның ішінде өзіндік тиімділік деңгейі, бейімделу стратегиялары (копинг-механизмдер), жауапкершілік сезімі және эмоциялық реттеушілік дағдылары бар. Өзіндік тиімділіктің жоғары болуы ата-аналардың өз мүмкіндіктеріне сенімін арттырып, күрделі жағдайларда белсенді әрекет етуге ынталандырады.

Сыртқы факторлар қоршаған ортаның институционалдық және әлеуметтік жағдайларымен анықталады. Инклюзивті білім беру саясатының дамуы, арнайы қызметтердің қолжетімділігі, кәсіби мамандармен жүйелі өзара әрекеттесу мүмкіндігі ата-аналардың резиленттілік деңгейін жанама түрде қолдайды. Қолайлы әлеуметтік орта тұлғалық ресурстардың тиімді іске асуына жағдай жасайды.

1-кестеде ұсынылған мәліметтерге сүйене отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарының резиленттілігі көпқұрамды, динамикалық және жүйелі сипатқа ие екендігі анықталады. Әрбір компонент жеке дара маңызды болғанымен, олардың өзара ықпалдастығы тұтас психологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Когнитивтік қайта бағалау мен эмоциялық реттеушілік субъективті стресс деңгейін төмендетуге тікелей ықпал етсе, әлеуметтік қолдау ресурстары мен мағыналық-құндылықтық бағдарлар ұзақ мерзімді бейімделудің, тұлғалық өсу мен психологиялық саулықтың стратегиялық негізін құрайды.

Осылайша, ата-аналардың резиленттілігін дамыту кешенді психологиялық қолдау бағдарламаларын құруда негізгі теориялық-әдіснамалық тірек бола алады.

Материалдар мен әдістер

Ұсынылып отырған құрылымдық модель эмпирикалық зерттеу процесінің мазмұндық негізін құрайды. Кестеде сипатталған резиленттіліктің компоненттері зерттеу барысында тәуелсіз және тәуелді айнымалылар ретінде қарастырылып, олардың ата-аналардың психологиялық стресі, өзіндік тиімділігі және копинг-стратегияларымен өзара байланысы эмпирикалық әдістер арқылы талданады.

Зерттеу көлденең дизайнда жүргізілді және корреляциялық сипатта болды. Эмпирикалық зерттеудің мақсаты – ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарындағы резиленттіліктің жалпы деңгейін, оның құрылымдық компоненттерін және ата-аналық стресс, өзіндік тиімділік пен әлеуметтік қолдау сияқты психологиялық факторлармен өзара байланысын анықтау.

Зерттеу әлеуметтік-психологиялық бағытта жүргізіліп, ата-аналардың субъективті тәжірибесіне, эмоционалдық жай-күйіне және бейімделу ресурстарына негізделді.

Зерттеуге ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар қатысты (N = 40). Қатысушылардың басым бөлігін аналар (70–80%) құрады, ал әкелердің үлесі 20–30% болды. Ата-аналардың жасы 25–55 жас аралығында, балалардың жасы 4–16 жас аралығында болды. Балалар дамуында кідірісі бар, аутизм спектріндегі бұзылыстары бар, сондай-ақ сөйлеу және интеллектуалдық даму ерекшеліктері бар санаттарға жатты.

Зерттеуде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарында резиленттілік, стресс деңгейі, өзіндік тиімділік және әлеуметтік қолдау сияқты психологиялық көрсеткіштерді бағалау үшін психологиялық диагностика және сауалнама әдістері қолданылды. Енді, әр әдістемеге қысқаша сипаттама берейік:

Резиленттілікті өлшеу әдістемесі (CD-RISC, К. Коннор, Дж. Дэвидсон). Әдістеме ата-аналардың стресс жағдайларына бейімделу қабілетін, ішкі тұрақтылық деңгейін және қиындықтарды еңсеру ресурстарын бағалауға бағытталған. Шкала резиленттіліктің жалпы деңгейін және оның жеке компоненттерін анықтауға мүмкіндік береді. Әдістеме ата-аналардың стресс жағдайында эмоционалды тұрақтылығын, қиындықтарды жеңу стратегияларын және өмірлік ресурстарды қолдану қабілетін көрсетеді. CD-RISC әдістемесі сондай-ақ резиленттіліктің когнитивтік, эмоционалдық және әлеуметтік аспектілерін бағалауға мүмкіндік береді.

Ата-аналық стресс деңгейін бағалау (PSI-SF, R. Abidin, 1995; адаптация: И. Н. Галасюк, О. В. Митина, Т. В. Шинина, 2017). Бұл әдістеме ата-аналық дистресс, баланың ерекшеліктеріне байланысты стресс және ата-ана–бала өзара әрекеттесуіндегі шиеленісті бағалауға арналған. PSI-SF ата-аналардың көңіл-күйін, ұйқы сапасын, эмоционалдық тұрақтылықты және баламен өзара әрекеттесудегі қиындықтарды анықтайды. Әдістеме ата-аналық міндеттердің ауырлығын сезіну және қолдаудың жеткіліксіздігі жағдайында пайда

болатын стресс деңгейін өлшейді. Сонымен қатар, бұл шкала ата-аналардың баламен қарым-қатынас сапасын және эмоционалды күйін бағалауға мүмкіндік береді.

Өзіндік тиімділікті бағалау (Жалпы өзіндік тиімділік шкаласы, GSES, Р. Шварцер, М. Ерусалем). Бұл әдістеме ата-аналардың қиын өмірлік жағдайларда өз мүмкіндіктеріне сенімін, белсенділігін және проблемаларды шешу қабілетін бағалауға бағытталған. GSES шкаласы тұлғаның өзін-өзі бағалауы мен өмірлік қиындықтармен күресу стратегияларын көрсетеді. Әдістеме ата-аналардың өзіне деген сенім деңгейін, мақсат қою қабілетін және қиындықтарды жеңу мүмкіндіктерін өлшейді. Сонымен қатар, GSES ата-аналардың психологиялық тұрақтылығы мен белсенді бейімделу стратегияларын анықтауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік қолдауды бағалау (Көпөлшемді әлеуметтік қолдау шкаласы, MSPSS, Zimet et al.). Бұл шкала ата-аналардың отбасы, достар және кәсіби орта тарапынан қабылданатын әлеуметтік қолдау деңгейін анықтауға арналған. Әдістеме ата-аналардың әлеуметтік желілеріндегі қолдау сапасы мен көлемін көрсетеді. MSPSS әдістемесі ата-аналардың қиындықтарды жеңу және эмоционалды тұрақтылықты сақтау үшін қаншалықты қолдау алғанын бағалауға мүмкіндік береді. Шкала сондай-ақ әлеуметтік қолдаудың әртүрлі көздері (отбасы, достар, кәсіби орта) бойынша детальді талдау жасауға мүмкіндік береді.

Деректер SPSS және Jamovi бағдарламалары арқылы өңделіп, сипаттамалық статистика, корреляциялық талдау және топаралық салыстыру әдістері қолданылды.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижелерін сипаттау үшін алдымен ата-аналардың негізгі психологиялық көрсеткіштерінің орташа деңгейлері мен ауытқуларын сипаттамалық статистика арқылы қарастырдық. Бұл тәсіл зерттелетін айнымалылардың жалпы тенденциясын анықтауға, сондай-ақ олардың бір-бірімен өзара байланысын бағалауға мүмкіндік береді. Алынған деректер ата-аналардың резиленттілік, ата-аналық стресс, өзіндік тиімділік және әлеуметтік қолдау көрсеткіштерінің деңгейін салыстыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар сипаттамалық статистика зерттеу таңдауының психологиялық портретін құруға және кейінгі корреляциялық немесе регрессиялық талдаулар үшін эмпирикалық негіз қалыптастыруға жағдай жасайды.

Сипаттамалық статистика. Ата-аналардың негізгі психологиялық көрсеткіштерінің орташа мәндері мен стандарттық ауытқулары 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2

Зерттелетін айнымалылардың сипаттамалық статистикасы

Көрсеткіш	Орташа мән (M)	Стандарттық ауытқу (SD)
Резиленттілік (CD-RISC)	67,4	8,9
Ата-аналық стресс (PSI-SF)	92,1	15,4
Өзіндік тиімділік (GSES)	28,6	4,7
Әлеуметтік қолдау (MSPSS)	55,3	9,1

Кесте деректері ата-аналардың резиленттілік деңгейі орташа шамада екенін, ал ата-аналық стресс көрсеткіштері салыстырмалы түрде жоғары екенін көрсетеді. Бұл нәтижелер зерттеу қатысушыларының эмоционалды, когнитивтік және әлеуметтік ресурстарын әрі қарай терең талдаудың негізін құрайды.



Сурет 1. Ата-аналардың негізгі психологиялық көрсеткіштерінің орташа мәндері

1-суретте ата-аналардың негізгі психологиялық көрсеткіштерінің орташа мәндері графикалық түрде ұсынылған. Диаграмма деректері ата-аналардың резиленттілік деңгейінің орташа шамада екенін, ал ата-аналық стресс көрсеткішінің салыстырмалы түрде жоғары екенін көрсетеді. Сонымен қатар, өзіндік тиімділік пен қабылданатын әлеуметтік қолдау деңгейлері орташа көрсеткіштер шегінде байқалады. Бұл нәтижелер зерттеу қатысушыларының психологиялық ресурстарының құрылымын кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді.

Ата-аналық стресс деңгейін талдау әдістемесінен алынған нәтижелері көрсеткендей, іріктемедегі ата-аналардың көпшілігінде ата-аналық стресс деңгейі орташа және жоғары диапазонда орналасқан. Жалпы стресс көрсеткіштерінің жоғары болуы ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы тәрбиелеудің ұзақ мерзімді психоэмоционалдық жүктемемен байланысты екенін көрсетеді. Бұл ата-аналардың күнделікті өмірінде эмоционалдық шаршау, тұрақты алаңдаушылық және ресурстардың сарқылу қаупі бар екенін айғақтайды.

Ата-аналық дистресс шкаласы бойынша алынған нәтижелер ата-аналардың елеулі бөлігінде жоғары деңгейдегі ішкі психоэмоционалдық кернеуді көрсетті. Бұл көрсеткіштер ата-аналардың өз рөліне қатысты сенімсіздік, шаршау, эмоционалдық қажу және өмірлік шектеулерді сезінуімен сипатталады. Ата-аналар жиі өздерінің жеке қажеттіліктерінің екінші орынға ығысқанын, кәсіби және әлеуметтік өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерінің шектелгенін атап өтті. Бұл факторлар созылмалы стресс пен эмоционалдық күйзелістің қалыптасуына ықпал етеді.

«Баланың қиын сипаттамалары» шкаласы бойынша нәтижелер балалардың мінез-құлықтық, эмоционалдық және даму ерекшеліктері ата-аналар үшін айтарлықтай стресс көзі болып табылатынын көрсетті. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың эмоцияларын реттеудегі қиындықтары, мінез-құлықтағы тұрақсыздық және даму қарқынының ерекшеліктері ата-аналардың тәрбиелік ресурстарына қосымша жүктеме түсіреді. Бұл шкала бойынша жоғары көрсеткіштер ата-аналардың баланың мінез-құлқын басқаруда дәрменсіздік сезімін және болашаққа қатысты алаңдаушылығын арттыратынын көрсетеді.

Ата-ана-бала өзара әрекеттесуіндегі дисфункция шкаласы ата-аналардың бір бөлігінде бала мен өзара қарым-қатынастан күтілетін эмоционалдық қанағаттанудың төмен деңгейін көрсетті. Кейбір ата-аналар баламен өзара әрекеттесудің эмоционалдық тұрғыдан күрделі екенін, өз күш-жігерінің жеткіліксіздігін сезінетінін атап өтті. Бұл жағдай ата-аналарда кінә сезімі, эмоционалдық қашықтық және қарым-қатынастағы ішкі шиеленістің артуына әкелуі мүмкін.

Осы аталған әдістеме PSI-SF нәтижелерінің резиленттілікпен байланысын қарастыруға қатысты. Корреляциялық талдау нәтижелері ата-аналық стресс деңгейі мен резиленттілік арасында статистикалық мәнді кері байланыстың бар екенін көрсетті. Ата-аналық дистресс пен ата-ана-бала өзара әрекеттесуіндегі дисфункция көрсеткіштері резиленттілік деңгейі төмен ата-аналарда жоғарырақ байқалды. Бұл деректер резиленттіліктің ата-аналардың стресс факторларына қарсы тұруындағы қорғаныштық ресурс ретіндегі рөлін растайды.

Корреляциялық талдау бойынша резиленттілік пен негізгі психологиялық факторлар арасындағы байланыс нәтижелері 3-кестеде ұсынылған.

Кесте 3

Резиленттілік пен психологиялық факторлар арасындағы корреляциялық байланыс

Айнымалылар	r
Резиленттілік – ата-аналық стресс	-0,56
Резиленттілік – өзіндік тиімділік	0,62
Резиленттілік – әлеуметтік қолдау	0,48

Корреляциялық талдау нәтижелері резиленттілік пен ата-аналық стресс арасында айқын кері байланыстың бар екенін көрсетті. Сонымен қатар, өзіндік тиімділік пен әлеуметтік қолдау резиленттілікпен оң байланыста болды.

Талқылау

Зерттеуден алынған нәтижелер ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарындағы резиленттіліктің ата-аналық стресс деңгейімен тығыз байланысты екенін көрсетті. Резиленттілігі жоғары ата-аналарда эмоционалдық күйзеліс төмен болып, бұл олардың қиын өмірлік жағдайларға бейімделу қабілетінің жоғары екенін көрсетеді. Бұл байланыс резиленттіліктің қорғаушы фактор ретіндегі рөлін анықтап растайды және ол стрессорлардың субъективті ауырлығын төмендетіп, эмоционалдық реакциялардың деструктивті сипатын әлсіретеді.

Анықталған нәтижелер резиленттілікті динамикалық бейімделу үрдісі ретінде қарастыратын теориялық модельдермен үйлеседі. Резилентті ата-аналар стресс жағдайын абсолютті қауіп ретінде емес, басқаруға болатын қандай да бір сын-қатер ретінде қабылдауға бейім келеді. Мұндай когнитивтік позиция эмоционалды реттеуді жеңілдетіп, конструктивті мінез-құлық стратегияларын таңдауға әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, резиленттілік стресс пен психологиялық дезадаптация арасындағы буферлік механизм қызметін атқарады.

Өзіндік тиімділік пен әлеуметтік қолдаудың резиленттіліктің маңызды болжаушы факторлары ретінде анықталуы жүйелік тәсіл қағидаларымен сәйкес келеді. Ата-аналардың өз мүмкіндіктеріне деген сенімі олардың белсенді копинг стратегияларды қолдануына, шешім қабылдау барысында жауапкершілікті сезінуіне және қиындықтарды бақылауда ұстай алатынына деген ішкі сенімділігін күшейтеді. Өзіндік тиімділігі жоғары ата-аналар баланың ерекшеліктерін дамытуға немесе оны түзетуге бағытталған әрекеттерді бастамашыл түрде жүзеге асыруға бейім келеді, бұл өз кезегінде олардың резиленттілік деңгейін арттырады.

Әлеуметтік қолдаудың оң әсері де ерекше назар аудартады. Қолдау жүйесінің болуы ата-аналардың жалғыздық сезімін азайтып, эмоционалдық ресурстарды қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Әсіресе кәсіби мамандар тарапынан көрсетілетін ақпараттық және психологиялық қолдау ата-аналардың белгісіздік деңгейін төмендетіп, бақылау сезімін арттырады. Бұл факторлар резиленттіліктің әлеуметтік-экологиялық құрамдасын күшейтеді. Демек, ата-аналардың психологиялық тұрақтылығы жеке ресурстар мен әлеуметтік ортаның өзара әрекеттесуінде қалыптасады.

Зерттеу нәтижелері ата-аналық стресс пен резиленттілік арасындағы кері байланыстың практикалық маңызын көрсетеді. Ата-аналық стресс деңгейі жоғары болған жағдайда эмоционалдық қажу, депрессивті белгілер және отбасылық қатынастың нашарлау қаупі артады. Ал резиленттілік бұл жағымсыз салдардың алдын алуға ықпал ететін ішкі реттеуші механизм ретінде әрекет етеді. Сондықтан резиленттілікті дамыту профилактикалық және коррекциялық психологиялық жұмыстың басым бағыты болуы тиіс.

Сонымен қатар, алынған деректер ата-аналардың психологиялық жағдайын тек жеке деңгейде емес, отбасылық және әлеуметтік жүйе аясында қарастырудың маңыздылығын айқындайды. Резиленттілік отбасы ішіндегі өзара қолдау, икемді рөлдік құрылым және ашық коммуникация арқылы нығаяды. Егер отбасы мүшелері қиындықты ортақ мәселе ретінде қабылдап, бірлескен шешім іздеуге бағытталса, бейімделу процесі тиімдірек жүзеге асады.

Зерттеудің нәтижелері психологиялық сүйемелдеу бағдарламаларын әзірлеуде резиленттілікті дамытуға бағытталған кешенді тәсілдің қажеттілігін көрсетеді. Мұндай бағдарламалар келесі бағыттарды қамтуы тиіс:

- эмоционалдық реттеу дағдыларын қалыптастыру (аффектіні тану және басқару);
- когнитивтік қайта бағалау техникасын үйрету (деструктивті ойлау үлгілерін өзгерту);
- өзіндік тиімділікті арттыруға бағытталған тренингтер;
- әлеуметтік қолдау желілерін кеңейту және ата-аналар қауымдастығын дамыту;
- отбасылық кеңес беру арқылы жүйелік өзара әрекеттесуді нығайту.

Әсіресе топтық форматтағы интервенциялар ата-аналардың тәжірибе алмасуына, эмоционалдық қолдау алуына және өз ресурстарын қайта бағалауына мүмкіндік береді. Бұл резиленттіліктің когнитивтік және әлеуметтік компоненттерін бір мезгілде дамытуға жағдай жасайды.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін интерпретациялау барысында белгілі бір шектеулерді ескеру қажет. Зерттеу деректері өзін-өзі есеп беру әдістеріне негізделген, бұл әлеуметтік қолайлы жауап беру ықтималдығын арттыруы мүмкін. Болашақ зерттеулерде лонгитюдтік дизайнды қолдану және сапалық әдістерді енгізу резиленттіліктің динамикасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарындағы резиленттіліктің күрделі, көп құрамды және динамикалық психологиялық құрылым екенін көрсетті. Резиленттілік ата-аналардың стресс жағдайларына бейімделу қабілетін анықтайтын негізгі ресурс ретінде көрініс тапты және ата-аналық стресс деңгейімен кері байланыста болатыны эмпирикалық тұрғыдан дәлелденді.

Зерттеу барысында резиленттіліктің өзіндік тиімділік пен қабылданатын әлеуметтік қолдаумен оң байланыста екені анықталды. Бұл ата-аналардың өз мүмкіндіктеріне сенімі мен қолдаушы әлеуметтік ортаның болуы олардың психологиялық тұрақтылығын арттыратынын көрсетеді. Алынған нәтижелер F. Walsh ұсынған жүйелік тәсілді қолдай отырып, ата-аналардың резиленттілігі жеке тұлғалық ресурстар мен әлеуметтік факторлардың өзара әрекеттестігі нәтижесінде қалыптасатынын айқындайды.

Осылайша, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарымен психологиялық жұмыс жүргізуде резиленттілікті дамытуға бағытталған кешенді, көпдеңгейлі тәсілдің маңыздылығы ғылыми тұрғыдан негізделді.

Практикалық ұсыныстар

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарын психологиялық қолдауға бағытталған келесі практикалық ұсыныстар ұсынылады.

1. Психологиялық сүйемелдеу бағдарламаларын әзірлеу

Ата-аналардың резиленттілігін арттыруға бағытталған кешенді психологиялық бағдарламалар әзірлеу ұсынылады. Мұндай бағдарламалар келесі бағыттарды қамтуы тиіс:

- эмоционалдық реттеу дағдыларын дамыту;
- стресс пен күйзелісті басқару стратегияларын меңгеру;
- когнитивтік қайта бағалау және жағдайды қабылдау қабілеттерін қалыптастыру.

2. Өзіндік тиімділікті арттыруға бағытталған тренингтер

Ата-аналардың өз мүмкіндіктеріне сенімін күшейту мақсатында проблемаларды шешу, мақсат қою және ресурстарды тиімді пайдалану дағдыларын дамытуға бағытталған тренингтер өткізу ұсынылады. Бұл ата-аналардың белсенді позициясын қалыптастырып, резиленттіліктің тұрақты деңгейін қамтамасыз етеді.

3. Әлеуметтік қолдау желілерін кеңейту

Ата-аналар үшін қолдау топтарын (parent support groups) ұйымдастыру, тәжірибе алмасу алаңдарын

құру және кәсіби мамандармен тұрақты байланыс орнату резиленттілікті арттырудың маңызды факторы болып табылады. Әсіресе білім беру ұйымдары мен психологиялық қызметтердің ата-аналармен серіктестік форматын дамыту ұсынылады.

4. Мамандармен өзара әрекеттесуді жетілдіру

Психологтар, педагогтер және дефектологтар тарапынан ата-аналармен жұмыс жүргізуде серіктестікке негізделген, эмпатиялық және ресурсқа бағытталған тәсілді қолдану қажет. Бұл ата-аналардың өздерін құзыретті және қолдаулы сезінуіне ықпал етеді.

5. Инклюзивті білім беру жүйесінде ата-аналарды қолдау

Инклюзивті білім беру саясаты аясында ата-аналарға арналған психологиялық кеңес беру қызметтерін қолжетімді ету, ақпараттық қолдау көрсету және ата-аналардың білім беру процесіне белсенді қатысуын ынталандыру ұсынылады.

Мүдделер қақтығысы: Авторлар өздерінің мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлардың үлесі

Тұжырымдамалау: Н.А.Кудушева

Әдіснама: Н.А.Кудушева, Ниетбаева Г.Б.

Зерттеу деректерін жинау: Пернебекова Ф.О.

Зерттеу деректеріне жетекшілік ету: Н.А.Кудушева, Ниетбаева Г.Б. Пернебекова Ф.О.

Мақаланың түпнұсқалық алғашқы түрін даярлау: Кудушева Н.А.

Редакциялау және сыни шолу: Пернебекова Ф.О.

Әдебиеттер тізімі:

- Abidin R. R., Smith L. T., Kim H. Parenting stress. (2022). *WikiJournal of Medicine*. 9(1), 3. DOI: 10.15347/WJM/2022.003.
- Lazarus, R. S., & Folkman, S. (1984). *Stress, appraisal, and coping*. Springer.
- Maddi, S. R. (2005). On hardiness and other pathways to resilience. *American Psychologist*, 60(3), 261–262.
- Masten, A. S. (2014). *Ordinary magic: Resilience in development*. Guilford Press.
- Rajan, A., Srikrishna, G., & Romate, J. M. (2016). Resilience of parents having children with intellectual disability: Influence of parent and child related demographic factors. *Indian Journal of Health and Wellbeing*, 7(7), 707–710.
- Senn, M., Stadelmann, C., Forster, F., Nussbeck, F. W., & Bodenmann, G. (2023). Parental stress mediates the effects of parental risk factors on dysfunctional parenting in first-time parents: A dyadic longitudinal study. *Journal of Social and Personal Relationships*, 40(12), 4335–4358. <https://doi.org/10.1177/02654075231165340>
- Tedeschi, R. G., & Calhoun, L. G. (2004). Posttraumatic growth: Conceptual foundations and empirical evidence. *Psychological Inquiry*, 15(1), 1–18.
- Walsh, F. (2003). Family resilience: A framework for clinical practice. *Family Process*, 42(1), 1–18.
- Walsh, F. (2016). Family resilience: A developmental systems framework. *European Journal of Developmental Psychology*. <https://doi.org/10.1080/17405629.2016.1154035>
- Валиева Ф. И. (2014). Резилиантность: подходы, модели, концепции. *Вестник Санкт-Петербургского университета*, 12(2), 39–50.
- Василенко В. Е., Савенышева С. С., Заплетина О. О. (2021). Родительский и повседневный стресс у матерей детей раннего и дошкольного возраста. *Консультативная психология и психотерапия*, 29(4), 27–48. <https://doi.org/10.17759/cpp.2021290403>
- Забелина Е. В., Кузнецова Д. К. (2015). Понятие психологической резильентности: основные теории. *Вестник Челябинского государственного университета. Серия: Психология и педагогика*, (1), 10–13.
- Иванова К. А., Валиева Ф. И. (2016). Развитие резилиантности у подростков. В: *Неделя науки в СПбПУ: материалы научного форума с международным участием. Лучшие доклады* (pp. 302–305). SPbPU.
- Махнач А. В., Лактионова А. И. (2013). Личностные и поведенческие характеристики подростков как фактор их жизнеспособности и социальной адаптации. *Психологический журнал*, 34(5), 69–84.

Селиванова О. А., Быстрова Н. В., Дереча И. И., Мамонтова Т. С., Панфилова О. В. (2020). Изучение феномена резильентности: проблемы и перспективы. Мир науки. Педагогика и психология, (3). URL: <https://mir-nauki.com/PDF/04PSMN320.pdf>

Ф.О. Пернебекова¹, Н.А. Кудушева^{*2}, Г.Б. Ниетбаева³

^{1,2,3}Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Психологические особенности резилентности у родителей детей с особыми образовательными потребностями

Аннотация. В статье рассматриваются психологические особенности резилентности у родителей детей с особыми образовательными потребностями. Актуальность исследования обусловлена высоким уровнем родительского стресса и преобладанием психоэмоциональной нагрузки в семьях данной категории, что требует выявления психологических ресурсов адаптации.

В ходе исследования был проведён анализ современных научных источников, раскрыта сущность понятия резилентности, её структурные компоненты, а также факторы, влияющие на формирование резилентности у родителей детей с особыми образовательными потребностями. Основное внимание уделялось эмоциональным, когнитивным, социальным и смысловым аспектам.

Эмпирическое исследование проводилось в рамках поперечного дизайна, в качестве участников были отобраны родители детей с особыми образовательными потребностями (N = 40). Уровень резилентности родителей оценивался с использованием шкалы Connor–Davidson Resilience Scale (CD-RISC), родительский стресс — методикой Parenting Stress Index – Short Form (PSI-SF), самооффективность — шкалой General Self-Efficacy Scale (GSES), а воспринимаемая социальная поддержка — с помощью Multidimensional Scale of Perceived Social Support (MSPSS).

Результаты исследования показали наличие отрицательной корреляционной связи между резилентностью родителей и уровнем родительского стресса ($r = -0,56$), а также положительных корреляций с самооффективностью ($r = 0,62$) и социальной поддержкой ($r = 0,48$). Это свидетельствует о том, что психологическая устойчивость родителей зависит от взаимодействия личностных и социальных ресурсов.

По итогам исследования установлено, что развитие резилентности является важным фактором повышения адаптационных возможностей родителей в стрессовых ситуациях, улучшения их психологического благополучия и обеспечения эффективности функционирования семьи. Полученные данные могут быть использованы при разработке программ психологической поддержки родителей, а также в практике инклюзивного образования.

Ключевые слова: резилентность, родители, дети с особыми образовательными потребностями, родительский стресс, психологические ресурсы, самооффективность, адаптация.

F. Pernebekova¹, N. Kudusheva^{*2}, G. Nietbaeva³

^{1,2,3}Abai Kazakh National Pedagogical University

Psychological characteristics of resilience in parents of children with special educational needs

Abstract. The article examines the psychological characteristics of resilience in parents of children with special educational needs. The relevance of the study is determined by the high level of parental stress and the predominance of psycho-emotional burden in families of this category, which necessitates the identification of psychological resources for adaptation.

The study involved an analysis of contemporary scientific literature, revealing the essence of the concept of resilience, its structural components, as well as factors influencing the development of resilience in parents of children with special educational needs. Particular attention was paid to emotional, cognitive, social, and meaning-related aspects.

The empirical study was conducted using a cross-sectional design, with parents of children with special educational needs selected as participants (N = 40). Parental resilience was assessed using the Connor–Davidson

Resilience Scale (CD-RISC), parental stress was measured by the Parenting Stress Index – Short Form (PSI-SF), self-efficacy was evaluated using the General Self-Efficacy Scale (GSES), and perceived social support was assessed with the Multidimensional Scale of Perceived Social Support (MSPSS).

The results demonstrated a negative correlation between parental resilience and parental stress ($r = -0.56$), as well as positive correlations with self-efficacy ($r = 0.62$) and social support ($r = 0.48$). These findings indicate that parents' psychological resilience depends on the interaction of personal and social resources.

The study concludes that the development of resilience is a key factor in enhancing parents' ability to adapt to stressful situations, improving psychological well-being, and ensuring effective family functioning. The obtained results can be applied in the development of psychological support programs for parents and in the practice of inclusive education.

Keywords: resilience; parents; children with special educational needs; parental stress; psychological resources; self-efficacy; adaptation.

References

- Abidin, R. R., Smith, L. T., & Kim, H. (2022). Parenting stress. *WikiJournal of Medicine*, 9(1), 3. <https://doi.org/10.15347/WJM/2022.003>
- Ivanova, K. A., & Valieva, F. I. (2016). Razvitie reziliantnosti u podrostkov [Development of resilience in adolescents]. In *Nedelya nauki v SPbPU: Materialy nauchnogo foruma s mezhdunarodnym uchastiem. Luchshie doklady* (pp. 302–305). SPbPU.
- Lazarus, R. S., & Folkman, S. (1984). *Stress, appraisal, and coping*. Springer.
- Machnakh, A. V., & Laktionova, A. I. (2013). Lichnostnye i povedencheskie kharakteristiki podrostkov kak faktor ikh zhiznesposobnosti i sotsial'noi adaptatsii [Personal and behavioral characteristics of adolescents as a factor of their viability and social adaptation]. *Psikhologicheskii zhurnal*, 34(5), 69–84.
- Maddi, S. R. (2005). On hardiness and other pathways to resilience. *American Psychologist*, 60(3), 261–262.
- Masten, A. S. (2014). *Ordinary magic: Resilience in development*. Guilford Press.
- Rajan, A., Srikrishna, G., & Romate, J. M. (2016). Resilience of parents having children with intellectual disability: Influence of parent and child related demographic factors. *Indian Journal of Health and Wellbeing*, 7(7), 707–710.
- Selivanova, O. A., Bystrova, N. V., Derecha, I. I., Mamontova, T. S., & Panfilova, O. V. (2020). Izuchenie fenomena reziliantnosti: problemy i perspektivy [Study of the phenomenon of resilience: Problems and prospects]. *Mir nauki. Pedagogika i psikhologiya*, (3). <https://mir-nauki.com/PDF/04PSMN320.pdf>
- Senn, M., Stadelmann, C., Forster, F., Nussbeck, F. W., & Bodenmann, G. (2023). Parental stress mediates the effects of parental risk factors on dysfunctional parenting in first-time parents: A dyadic longitudinal study. *Journal of Social and Personal Relationships*, 40(12), 4335–4358. <https://doi.org/10.1177/02654075231165340>
- Tedeschi, R. G., & Calhoun, L. G. (2004). Posttraumatic growth: Conceptual foundations and empirical evidence. *Psychological Inquiry*, 15(1), 1–18.
- Valieva, F. I. (2014). Reziliantnost: podkhody, modeli, kontseptsii [Resilience: Approaches, models, concepts]. *Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. Seriya 12*, (2), 39–50.
- Vasilenko, V. E., Savenysheva, S. S., & Zapletina, O. O. (2021). Roditel'skii i povsednevnyi stress u materei detei rannego i doskol'nogo vozrasta [Parental and daily stress in mothers of early and preschool children]. *Konsul'tativnaya psikhologiya i psikhoterapiya*, 29(4), 27–48. <https://doi.org/10.17759/cpp.2021290403>
- Walsh, F. (2003). Family resilience: A framework for clinical practice. *Family Process*, 42(1), 1–18.
- Walsh, F. (2016). Family resilience: A developmental systems framework. *European Journal of Developmental Psychology*. <https://doi.org/10.1080/17405629.2016.1154035>
- Zabelina, E. V., & Kuznetsova, D. K. (2015). Ponyatie psikhologicheskoi reziliantnosti: osnovnye teorii [The concept of psychological resilience: Main theories]. *Vestnik Chelyabinskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Psikhologiya i pedagogika*, (1), 10–13.

Авторлар туралы мәлімет:

Пернебекова Ф.О. – әлеуметтік ғылымдар магистрі, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының PhD докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық 13, 050010, Алматы, Қазақстан. E-mail: pernebekova.fatima@mail.ru

Кудушева Н.А. – хат-хабар авторы, PhD, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық 13, 050010, Алматы, Қазақстан. E-mail: nurgaisha72@mail.ru

Ниетбаева Г.Б. – PhD, қауымдастырылған профессор м.а, Педагогика және психология факультетінің деканның м.а., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық 13, 050010, Алматы, Қазақстан. E-mail: mika-argin76@mail.ru

Information about the authors:

Pernebekova F. – Master of Social Sciences, PhD doctoral student, Department of General and Applied Psychology, Abai Kazakh National Pedagogical University, 13 Dostyk Ave., 050010, Almaty, Kazakhstan. E-mail: pernebekova.fatima@mail.ru

Kudusheva N. – corresponding author, PhD, Senior Lecturer, Department of General and Applied Psychology, Abai Kazakh National Pedagogical University, 13 Dostyk Ave., 050010, Almaty, Kazakhstan. E-mail: nurgaisha72@mail.ru

Niyetbayeva G. – PhD, Acting Associate Professor, Acting Dean of the Faculty of Pedagogy and Psychology, Head of the Department of General and Applied Psychology, Abai Kazakh National Pedagogical University, 13 Dostyk Ave., 050010, Almaty, Kazakhstan. E-mail: mika-argin76@mail.ru

Сведения об авторах:

Пернебекова Ф.О. – магистр социальных наук, PhD-докторант кафедры общей и прикладной психологии, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, ул. Достык, 13, 050010, г. Алматы, Казахстан. E-mail: pernebekova.fatima@mail.ru

Кудушева Н.А. – автор для корреспонденции, PhD, старший преподаватель кафедры общей и прикладной психологии, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, ул. Достык, 13, 050010, г. Алматы, Казахстан. E-mail: nurgaisha72@mail.ru

Ниетбаева Г.Б. – PhD, и.о. ассоциированного профессора, и.о. декана факультета педагогики и психологии, заведующий кафедрой общей и прикладной психологии, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, ул. Достык, 13, 050010, г. Алматы, Казахстан. E-mail: mika-argin76@mail.ru